

## Тұрғын үйлердегі пәтерлер мен тұрғын емес үй-жайларды меншіктенушілердің тұтынушылар кооперативтерін дамыту жөніндегі шаралар туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 27 мамыр N 647. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 9 ақпандағы N 124 қаулысымен

Қазақстан Республикасының Тұрғын үй қорын ұстау және пайдалану саласының дотациясыз негізде жұмыс істеуге көшуіне және оны сақтау жөніндегі шараларды күшейту қажеттігіне, сондай-ақ "Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын монополиясыздандыру және тұрғын үй-коммуналдық қызмет көрсетулері үшін есеп айырысуды тәртіпке келтіру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 13 мамырдағы N 587 қаулысының қабылдануына байланысты Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Тұрғын үйлердегі пәтерлер мен тұрғын емес үй-жайларды меншіктенушілердің тұтынушылар кооперативтері (бұдан әрі - кооператив) тұрғын үйлерді (оның ішінде ведомстволық), жеке-дара және ортақ меншіктегі үйдің бір бөлігін, сондай-ақ қолданылып жүрген тәртіппен үш еншісіне бекітілген үй жанындағы жер аумақтарын ұстауды, пайдалануды және оларға қызмет көрсетуді басқару мақсатында құрылады деп айқындасын.

2. Кооператив екі және одан да көп меншік иелерінің арасындағы келісім бойынша құрылуы мүмкін. Кооператив қызметі процесінде басқа меншік иелерінің мүдделері ескеріледі, сонымен бірге кооператив өзіне басқа меншік иелерінің кіруі үшін ашық күйінде қалады.

3. Ортақ бөлінбейтін мүліктер (шатырлар, төлелер, баспалдақ торлары, лифтілер, инженерлік коммуникациялар, жайластыру элементтері және т.б.) барлық меншік иелерінің меншігі болып табылады, олардың ортақ мүліктегі үлесі барлық тұрғын үйдің жалпы алаңына бөлектемелі меншіктегі үй-жайлар алаңына қатысты айқындалады;

үй-жайлардың барлық меншік иелері (жеке, заңды тұлға және мемлекет) ортақ бөлінбейтін мүліктердің (шатырлар, төлелер, баспалдақ торлары, лифтілер, инженерлік коммуникациялар, жайластыру элементтері және т.б.) сақталуы мен қауіпсіз пайдаланылуы үшін жауапкершілікте болуға, оларды ұстау жөнінде бөлектемелі меншік иелерінің үлесін мөлшерлей отырып шығыстар жасауға м і н д е т т і ;

үй-жайларды меншіктенушілер тұрғын үй-коммуналдық қызметі үшін (сумен жабдықтау, канализация, газ, электр және жылу энергиялары) төлем жасау осы

қызметтерді көрсететіндер кооператив арқылы да, өз бетімен де жүргізе алады; кооперативтер үй жанындағы жер учаскелерін арнаулы мақсаттар бойынша сәулет-жобалаушылық, құрылыс, экологиялық, санитарлық-гигиеналық, өртке қарсы белгіленген және өзге де арнаулы талаптардың белгіленген нормалары мен ережелерін сақтай отырып пайдаланады деп белгіленсін.

Кооперативті құру кезінде құрылтай құжаттарында, белгіленген заңдық мәліметтерден басқа;

кооператив меншігін құрайтын жылжымайтын мүліктің жалпы сипаттамасы; ортақ мүлік және үй жанындағы жер аумағы туралы мәліметтер; үй-жайларды меншіктенушілер мен олардың ортақ мүліктегі үлестері ( проценттік арақатынаста) болуы тиіс.

4. Тұрғын емес үй-жайларды жалдаушылар (жалгерлер) үйді ұстау жөніндегі жалпы шығындарға жалдау (жалға алу) шарты жағдайында жалдаушы (жалгер) ретінде қатысады. Тұрғын емес үй-жайларды меншіктенушілер осы шығындарға кооператив жарғысына сәйкес қатысады.

5. Тұрғын үйлердегі пәтерлер мен тұрғын емес үй-жайларды меншіктенушілердің тұтынушылар кооперативтері заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркеу үшін тіркеу алымын төлеуден босатылатын болып белгіленсін.

6. Облыстардың және Алматы қаласының, аудандар мен елді мекендердің әкімдері Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті, Қазақстан Республикасының Жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі мемлекеттік комитеті:

кооперативтерді құруда олардың қызметтерін жүзеге асыруда жан-жақты көмек көрсету мен жәрдемдесуді;

кооперативтерге олар тіркелгеннен кейін 15 күн мерзім ішінде жерді пайдалану, жерді иелену құқығы болуына тиісті құжаттар беруді;

аппараттардың тұрғын меншік иелерінің тұрғын үйлерді ұстауды басқарудың жаңа нысандарын түсіндіру мен насихаттау жөнінде жиналыстар өткізуге қатысуын;

бұқаралық ақпарат құралдарын халық арасында насихат және түсіндіру жұмысына тартуды, бұқаралық ақпарат құралдары үшін баспасөз конференцияларын өткізуді;

кооперативтердің Қазақстан Республикасының Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарда құрылыс салу министрлігі мен Қазақстан Республикасының Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитеті әзірлеген Үлгі жарғысын халық арасына таратуды қамтамасыз етсін.

7. Осы қаулы Қазақстан Республикасының Тұрғын үй кодексі қабылданғанға және күшіне енгенге дейін қолданылады.

*Премьер-Министрі*

*Қазақстан Республикасының*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК